

Оригинальность / ценность исследования заключается в классификации стран по процентной политике.

Результаты исследования показывают, что специфические для банка и макроэкономические переменные играют очень важную роль в объяснении прибыльности. Например, достаточность капитала отрицательно влияет на процентную маржу (далее – NIM), что означает, что более высокое отношение банковского капитала к совокупным активам может привести к снижению чистой процентной маржи. Аналогичным образом, коэффициент эффективности банка отрицательно связан с NIM, что означает, что более высокие затраты отрицательно влияют на прибыльность банка.

Ключевые слова: банки, отрицательная процентная политика, инфляция, рентабельность.

ABOUT THE AUTHORS

Faizulayev Alimshan – Assistant Professor in Acc & Fin of Bang College of Business (BCB), KIMEP University, Almaty, Republic of Kazakhstan, e-mail: a.faizulayev@kimep.kz

Bazarbayeva Aliya – Masters in Bang College of Business (BCB), KIMEP University, Almaty, Republic of Kazakhstan, e-mail: aliya.bazarbayeva07@gmail.com

Sailau Akzhan – Masters in Bang College of Business (BCB), KIMEP University, Almaty, Republic of Kazakhstan, e-mail: akzhan.sailau@kimep.kz

МРНТИ 06.35.31.

JEL Classification: H83

ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ КІРІСТІ ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Н. С. Нуркашева¹, М. Д. Жумабаева¹, Г. Т. Андыбаева¹

¹Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеудің мақсаты ҚЕХС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» жаңа стандартын енгізудің нәтижесінде құрылыстағы түсімді есепке алуға және соның салдарынан ұйымдардың қаржылық есептілік көрсеткіштеріне ықтимал әсерін анықтау болып табылады.

Әдіснамасы – мақала абстрактылық-логикалық тәсіл негізінде жүргізілді. Әдістемелік негіз жүйелік талдау болып табылады.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы. Мақалада ХҚЕС-ның негізінде дайындалған келісімшарт бойынша кірісті тану кезінде әдіснамалық және әдістемелік сипаттағы өзгерістер қарастырылған. 15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» ХҚЕС (IFRS) және құрылыстағы түсім бойынша қолданыстағы стандарттарға салыстырмалы талдау жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері. Мақалада құрылыс ұйымдарында ҚЕХС (IFRS) 15 қолдану қажеттілігі қарастырылған; есепке алу мен параметрлердің әлеуетті есепке алушы – инвесторға әсеріне байланысты заңдылықтар анықталып, ҚЕХС (IFRS) 15 жаңа стандартының ұзақ мерзімді құрылыс мердігерлік шарттары бойынша түсімдерді есепке алуға және соның салдарының компанияның қаржылық қызметінің көрсеткіштеріне ықтимал әсері айқындалған.

Түйін сөздер: ҚЕХС 15, кірісті тану, инвестициялар, құрылыс, құрылыс шарттары.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасындағы құрылыс елдің белсенді дамып келе жатқан салаларының бірі болып табылады. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының Рейтингілік агенттігінің (АӨҚО РА) деректері бойынша, Қазақстанда соңғы уақытта құрылыс үлесі бірнеше есе өсті, осылайша ірі салалардың бірі ретінде Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) үлесін дамытуда. Қазақстанда 2020 жылғы наурызда жарияланған коронавирус пандемиясының міндетті теріс әсеріне және карантиндік шаралар салдарынан ықтимал экономикалық құлдырауға қарамастан, құрылыс индустриясы жаңа тұрғын үй және индустриялық объектілерді салу қажеттілігін тартатын экономиканың жаңа сын-қатерлерін ескере отырып, өзгертілетін болады. Коронавирустық пандемиядан кейін сарапшылар қазірдің өзінде қаржыландыру көлеміне қарамастан жекелеген жобалардың бюджеттерін қайта қарауды болжап отыр [1].

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы экономикасының пандемиядан кейін орнықты дамуға көшуін жүзеге асыру өзекті проблема болып табылады. Шешілуі қажет негізгі мәселелердің бірі инвестицияларды тарту болып табылады. Бұл проблема өнеркәсіптің барлық салаларының, оның ішінде құрылыс саласының ұйымдары үшін өзекті, өйткені құрылыс саласы ел үшін экономикалық және әлеуметтік аспектілерде маңызды рөл атқарады. Құрылыс компаниялары үшін жаңа капитал нарықтарын ашу шарттарының бірі инвесторларға ұйымның шынайы қаржылық жағдайы және оның қаржылық нәтижелері туралы сенімді ақпарат беру болып табылады. Бұл проблема қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес қаржылық есептілікті дайындау арқылы шешілуі мүмкін.

Отандық құрылыс фирмалары үшін жаңа капитал нарықтарын ашудың шарттарының бірі инвесторларға ұйымның шынайы қаржылық жағдайы және оның қаржылық нәтижелері туралы сенімді ақпарат беру болып табылады. Бұл проблеманы халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес қаржылық есептілік жасау арқылы шешуге болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ұйымдардағы есептің жалпы қабылданған қағидаларына сәйкес, кәсіпорынның табыстарын мойындау дегеніміз – ұйымның қаржылық есеп берулерінде баптарды қосу үрдісі. 15 ХҚЕС-ның мақсаты – түсімді клиенттерге тауарлар немесе қызметтерді беруден күтілетін нәтиже мөлшерінде көрсету болып саналады.

15-ші ХҚЕС-на сәйкес ұйымның кіріс баптарын мойындау критерийлері төмендегілерге сәйкес келуі тиіс:

- қаржылық есеп берудің статьяларын бағалауға негіз болатын болса және ол мүмкін болатын болса;
- ұйымның табысқа байланысты есеп объектілеріне қатысты болашақ экономикалық тиімділікті алу немесе оларды пайдалану мүмкіндігі жоғары болатын болса.

15-ші ҚЕХС стандартының мақсаты – сатып алушымен жасалған шартта көрсетілген кірістер мен ақша ағындарының сипаты, мөлшері, мерзімі және белгісіздігі туралы қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін пайдалы ақпаратты көрсету кезінде ұйым қолдануы керек принциптерді белгілеу болып табылады [2].

Кірістер, көп жағдайда жасалынған шарттарды орындау барысында және кірістерді алуға сенімділікті бағалау мүмкіндігі жоғары болған кезде мойындалады.

15-ші ҚЕХС бойынша кірістерді танудың мынадай шарттары бар (сурет 1):

Қаржылық есеп берудің концептуалдық тұжырымдамасында – табыстар есепті кезең арасында ұйымның активтерінің сапасын жақсарту түрінде капиталдың жоғарылауына, міндеттемелердің азаюы әкелетін үрдіс.

Субъектінің капиталын ұлғайтуға әкелетін активтерді алу және (немесе) міндеттемелерді өтеу нәтижесінде экономикалық тиімділіктің өсуі құрылыс ұйымдары үшін мердігерлік құрылыс жұмыстарын жүргізуден түскен табыстары ретінде танылады.

Ұйым құрылыс-монтаж қызметтерін көрсету жөніндегі қызметтердің немесе құрылыс келісімшарттарының орындалуына байланысты кіріс пен шығындарын есептік бағалауын қажет болған сәтінде қайта қарауға тиісті.



Сурет 1 – Құрылыстағы кірістерді тану талаптары

Ескерту – [2] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған


Ұйым орындалған жұмыстың неғұрлым сенімді мойындалуын қамтамасыз ететін әдістің негізінде мәмілеге тиісті операцияның немесе жұмыстардың аяқталу сатысын айқындап отырды. Оның тәртіптері мыналар:

- есепті кезеңдегі жағдай бойынша жұмыстарды жүзеге асыруға жұмсалған шығыстар материалдар мен алынған алдын ала төлемдерге арналған шығындар сияқты болашақ кезеңдегі қызметке тиісті шығындарды қамтамасыз етпеуі тиіс;
- орындалған жұмыстарды түгендеу;
- келісім шарт бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау жөніндегі операцияның немесе жұмыстар көлемінің қандай да бір нақты үлесін анықтау [3].

Құрылыс ұйымдарының бухгалтерлік есебінде кірістер келесі жолдармен танылады:

- объектінің немесе құрылыс жұмыстарының сатысының құны бойынша алынған кіріс;
- құрылыс объектісінің дайын болу деңгейіне байланысты алынған кіріс.

Ұйым 15-ші ҚЕХС бойынша мыналарды негізгі алынуы тиіс (сурет 2).




Сурет 2 – Кірістерді мойындау талаптары

Ескерту – [2] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Кәсіпорындардың пайдасы – қарапайым бизнес процессінде пайда болатын табыс. Көп жағдайда, табыс өнімдерді сатудан, қызметтерді өткізуден, жұмыстарды орындаудан болады. Шаруашылық субъектісінің қалыпты қызметінің негізгі элементі – сатып алушылармен жасасқан шарттың болуына байланысты болады [4].

15-ші «Сатып алушылармен жасалған келісім шарт» ҚЕХС-на сәйкес келісімшарт – бұл екі немесе одан да көп жақтардың аралығында құқықтық жағдайларды қорғауды қамтамасыз ететін мәміленің түрі. Келісімшарттың тек жазбаша түрде болуы міндетті емес. Мысалы, бөлшек сауда орындарында өнімдерді сатушы мен сатып алушы аралығында алдын ала келісілмеген және жарияланбаған мәмілелер орын алуы мүмкін [5].

Демек, құрылыс ұйымдарында кірістерді танудың мынадай талаптарын ажыратып көрсетуге болады (сурет 3).



Сурет 3 – Ұйымның кірістерін тану талаптары
Ескерту – [2] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

1. Тауарларды сату кезінде:

- ұйым тауарға деген меншік құқығын сатып алушыға береді;
- компания берілген тауарлар шегінде оларға бақылау жүргізуді тоқтатады;
- түсім сомасы сенімді анықталуы тиіс және болашақ экономикалық пайда алу ықтималдылығы жоғары болуы тиіс;
- операцияға қатысты шығындар сенімді бағалануы тиіс.

2. Қызметтерді ұсыну кезінде:

- түсім сомасы нақты бағалануы тиіс;
- операцияға қатысты экономикалық пайда ұйымға түседі деген сенім болуы тиіс;
- операцияның аяқталу уақыты есепті мерзімнің соңында сенімді бағалануы тиіс;
- операциялар орындау және оны аяқтау кезінде шығындар нақты бағалануы тиіс.

3. Активтерді пайдалану кезінде:

- түсім көлемі нақты бағалануы тиіс;
- операцияға қатысты экономикалық пайда кәсіпорынға түсуі тиіс.

15-ші ҚЕХС-на сәйкес сатушы ұйым елеулі тәуекелдер мен сатып алушыға меншік құқығын берумен байланысты пайда әкелетін сәттің айқындау шарттарын тексеруді талап ете алады.

11-ҚЕХС (IAS) «Құрылысқа арналған шарт» бойынша құрылыс ұйымдарында түсім мен шығындарды қаржылық нәтижелер туралы есептілікте кірістер және шығыстар құрамында дайындалу дәрежесіне қарай көрсету қажет, ал шарт бойынша күтілетін шығындарды шығыстардың құрамында дереу тану қажет [6].

Бұл жағдайда бухгалтерлік есептіліктің негізгі принциптерінің бірі – сақтық қағидатын іске асырудың мысалын байқауға болады [7].


11-ҚЕХС (IAS) «Құрылысқа арналған шарт» бойынша ұйымдағы қаржылық нәтижені тану моделі төмендегі 4-суретте көрсетілген [6].

Бұл жағдайда алдымен мәміленің қаржылық нәтижелерін сенімді бағалаудың мүмкін екендігін анықтап, содан кейін мәміле бойынша табыстар мен шығыстардың ұйымның қаржылық нәтижелеріне тигізетін әсерін анықтау керек.

Көптеген жағдайларда меншіктің тәуекелдері мен сыйақыларының ауысуы тауарларға меншік құқығының сатып алушыға ауысуымен сәйкес келеді. Бұл көбінесе бөлшек саудада кездеседі. Басқа жағдайларда тәуекелдер мен меншіктің пайдасын беру заңды құқықтардың берілуінен гөрі басқа кезеңде жүзеге асырылады.

Егер мәміле нәтижесін сенімді бағалау мүмкін болмаса және келтірілген шығындарды қалпына келтіру мүмкін болмаса, онда ұйымның кірісі танылмайды және келтірілген шығындар ұйымдағы шығыстар ретінде танылады.

Табыс келісімшарт нәтижелерін сенімді бағалауға кедергі болатын белгісіздіктер жойылған кезде ғана бастапқы мойындау талаптарына сәйкес танылады.



Сурет 4 – 11-ҚЕХС (IAS) «Құрылысқа арналған шарт» бойынша ұйымдағы қаржылық нәтижені тану моделі
Ескерту – [6] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Егер транзакцияға бірнеше идентификацияланатын транзакциялар кіретін болса, олар бөлек танылуы керек.

Оларға тауарларды сату, қызметтер көрсету және болашақта қосымша қызметтер ұсыну жатады [8].

Егер операцияда бірнеше сәйкестендірілетін операциялар кездессе, олар бөлек танылуы тиіс.

Оларға: тауарларды сату, қызмет көрсету және оларға қатысты болашақта қосымша қызметтер көрсетуді жатқызуға болады.

Сатып алушы – ақы төлеудің негізінде ұйымның әдеттегі қызметінің нәтижесі болып табылатын тауарлар мен қызметтерді сатып алу үшін ұйыммен келісім жасасқан контрагент.

Егер 15-ХҚЕС-на (IFRS) сәйкес тараптар тәуекелдер мен пайдаларды бөлісетін қызметке немесе процеске қатысуды көздейтін болса, мұндай келісім шарт сатуды көздейтін шарт болып саналмайды (мысалы, активті бөлу немесе ынтымақтастық туралы келісімді әзірлеу немесе дамыту).

Тәжірибеде көп жағдайлар қарапайым емес, және компаниялар өздерінің кірістерін әртүрлі мойындайды, солардың ішінде мысалы:

- 1 тауарды сатып алу + 1 тауарды төлемсіз алу;
- айлық мобильдік тарифті алдын ала төлеу + төлемсіз телефон алу;
- адалдық ұпайларын жинау + ол үшін төлемсіз тауар алу;
- жеткізуге бонустар алу және т.б.

15 ҚЕХС түсімдерді танудың мынадай модельдерін ұсынады (сурет 5) [9]:



Сурет 5 – Құрылыс ұйымдарында кірістерді танудың модельдері

Ескерту – [2] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

1-кезең – Сатып алушымен шарттарды сәйкестендіру. Шарт – екі немесе бірнеше тараптардың заңды құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

15-ҚЕХС келісімшарттардың барлығына қолдануға болады, егер ол келесідей 5 сипаттамаға жауап беретін болса:

- тараптар келісімшартты мақұлдады және оны орындауға міндет алса;
- берілетін тауарға/қызметке әрбір тараптың құқықтары анықталанса;
- төлем өткізудің шарттары анықталынса;
- келісім шарттың мазмұны коммерциялық сипатта болса;
- сатушы ұйымның табыс алу ықтималдалығы жоғары болса.

Мысалы: Келісім шартқа сәйкес, сатып алушы 150 дана тауарды 15 000 теңгеге (1 дананың бағасы 100 теңгеден) сатып алуға уәде берді. Үш айлық мерзім ішінде тауар біртіндеп беріледі. Ұйым 100 дана тауарды бергеннен кейін тараптардың келісімі бойынша келісім шарт жағдайлары өзгертілді, тауарлар саны 50 данаға өсті.

Егер жеткізілімнің қосымша көлемі бөлек сату бағасымен сатылса, мысалы 90 теңгеден, және бұл негізгі келісімшарттың әрекет ету мерзімі ішінде болса, біз қосымша тауарды түпнұсқалық-негізгі (бастапқы) тауардан бөліп аламыз, келісімшартты өзгертуден түскен кіріс жеке келісімшарт ретінде есепке алынады және ол бастапқы келісімшарт бойынша кірісті есепке алуға әсер етпейді.

Осылайша, келісімшарт бойынша міндеттемелер орындалғаннан кейін, ұйым:


- бастапқы келісімшарт бойынша: $150 \times 100 = 15\,000$ теңге;
- модификация үшін (қосымша шартқа сәйкес) $50 \times 90 = 4500$ теңге мөлшерінде түсімді таниды.

2-кезең. Орындауға жататын шарттық міндеттерді сәйкестендіру. Орындауға жататын міндеттер – бұл келісімшарт бойынша ұйымның клиентке кез келген тауарды немесе қызметті беру туралы міндеттемесі.

Орындауға жататын міндеттердің маңызды сипаты болып – оның «ерекшілігі» саналады, яғни тауар немесе қызметті келісім шартқа сәйкес орындалатын басқа да міндеттемелерден бөліп қарастырудың мүмкіндігін білдіреді [10].

Орындауға жататын міндеттер өз алдына былайша жіктеледі (сурет 6):

Сонымен қатар, клиентке тауар немесе қызмет ұсыну болмаса, онда орындалуға жататын ешқандай міндеттер болмайды.



Сурет 6 – Орындауға жататын міндеттердің жіктемесі
Ескерту – [2] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Егер ұйым күрделі технологиялық жабдықты және осы жабдықпен бірге оны болашақта монтаждау қызметтерін қоса сатса және сатушы ұйымнан басқа ешкім монтаждау қызметтерін көрсете алмаса, демек жабдықты сатып алуды монтаждау қызметтерінен бөліп қарастыруға болмайды, өйткені сатып алушы жабдықты монтаждаусыз пайдалана алмайды, сәйкесінше, құрал жабдықты тапсырғаннан кейін және оны орнатып болғаннан кейін кіріс танылады.

3-кезең. Мәміленің бағасын анықтау. Мәміле бағасы – бұл сатып алушыға берілген тауарлар мен қызметтердің орнына сатушы ұйым алуға тиісті немесе талап етуге тиісті сома.

Мысалы: Ұйым компьютерлік техниканы төлем мерзімін кейінге қалдырып 2000 мың теңгеге сатады. Тауарды жеткізгеннен кейін төлем 2 жылдан кейін жүргізіледі. Сатушының несиелік тәуекелін ескере отырып, пайыздық мөлшерлеме 5 % құрайды.

Дт «Қолма-қол ақшамен есеп айырысу» – 2000 мың теңге.

Кт «Шарт бойынша міндеттеме» – 2000 мың теңге.

Пайыздық сыйақы сомасы = $2000 - (2000 \times 1.05 \times 1.05) = 205$ (жеткізу сәтінде). Табыс мөлшері $2000 + 205 = 2205$ мың теңге.

4-кезең. Бағаны орындалатын міндеттерге бөлу. Ұйым келісімшарт бойынша әрбір бөлінетін өнімге немесе қызметке қатысты сатудың өзіндік бағасын негізге ала отырып, әрбір келісім шарт міндеттемесіне мәміле бағасын бөледі.

5-кезең. Түсімді мойындау. Түсім – ұйым өзінің келісім шарттық міндеттемелерін орындаған кезде ғана танылуы мүмкін. Ол белгілі бір уақытта немесе белгілі бір уақыт аралықтарында танылуы мүмкін.

Кәсіпорын түсімді – клиентке уәде етілген тауарлар мен қызметтерді ұсынған кезде таниды. Негізіннен тауарлар / қызметтер сатып алушы оларға бақылауды алған кезде беріледі / көрсетіледі [11].

Мысалы: Құрылыс ұйымымы 31.2019 жылға қаржылық есептілігін дайындауда. 01.01.2019 ұйым өзінің бір ғимаратын (Баланстық құны – 200 млн. теңге) – 300 млн. теңгеге сатты.

Келісім шарттың талабы мынадай болып қарастырылды:

Құрылыс компаниясы 3 жылдан кейін ғимаратты кері 400 млн. теңгеге кері сатып алады. Яғни, бұл жылдық пайыздық мөлшерлеме 11 % білдіріп отыр.

Егер 15-стандартқа сәйкес сатушы ұйымның активті кері сатып алуға құқысы болса, онда сатып алушы бұл активке бақылау құқығын ала алмайды. Сатып алушы ұйым бұл активке физикалық иелік етіп отырса да, оны пайдаланудың тәсілі мен одан алатын тиімділікке ие бола алмайды [12].

Мұндай жағдайды 15-стандартқа сәйкес қаржыландыру келісім шарты ретінде қарастыру қажет. Себебі, кері сатып алу бағасы 400 млн. теңге – сату бағасынан 300 млн. теңгеден жоғары болып отыр.

Сонда 100 млн. теңге қарыздар бойынша шығын ретінде мойындайды және ол «9-Қаржылық құралдар» ҚЕХС-мен реттеледі.

Мысалы: Ұйым 31.03.2019 жылға аяқталатын кезеңге 12-ай үшін қаржылық есептілігін дайындауда. 01.10.2019 Ұйым өзінің бір құрылысын 27 млн. теңгеге сатты.

Келісімшарттың талабы мынадай болып қарастырылды:

Сатушы ұйым 3 жыл бойы осы құрылғыға сервистік қызмет көрсетеді. Осындай құрылғының сервистік қызметсіз стандарттық бағасы нарықта – 24 млн. теңге.

Сатып алушы ұйымнан сатушы ұйым сервистік қызметтер үшін 6 млн. теңге сұрап отыр. Сатушы ұйым 01.10.2018 компаниясы 27 млн. теңге кірісін мойындады.

01.10.2018 жылы сатушы ұйым тек құрылғыны сатып алушыға берді. Ал сервистік қызмет көрсету алдағы 3 жыл бойы. Оның 6 айы есеп беру кезеңіне келіп отыр. Демек, 27 млн. теңге түсімді тауарға және сервистік қызмет көрсетуге олардың ерекшеленетін сату бағасының негізінде бөлу керек. Біздің мысалда олар 24 млн.+6 млн. Сонда, 27 млн. теңге таратын болсақ:

Құрылғыға – $(27 \cdot 24) / (24 + 6) = 21,6$ млн. теңге.

Сервистік қызметке $(27 \cdot 6) / (24 + 6) = 5,4$ млн. теңге.

Нәтижесінде:

- 01.10.2018 сатудан кіріс – 21,6 млн. теңге.

- Сервистік қызметтер кіріс – 0,9 млн. теңге (5,4 млн.:3жыл:12 ай*9 ай).

- Есеп беру кезеңінің соңында кірісті азайтатын сома – 27 млн.-21,6 млн. -0,9 млн. = 4,5 млн. теңгеге тең болады.

Демек, жүргізген құрылыс-монтаж жұмыстары үшін орындаушы ұйымдарға нақты бекітілген төлем алу құқығы орындаушыларды тапсырыс берушінің құрылыс келісім шарттарын біржақты бұзу кезінде туындайтын тәуекелдерден қорғайды, орындаушылар үшін активсіз немесе төмендетілген құны бар активпен қалу мүмкіндігін азайтады.

Мұндай құқықтық қорғау тапсырыс беруші қолданыстағы келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде оның орындаушыға жүргізілген жұмыстардың құнын төлеу міндеттемесін көздейтін шартқа арнайы талаптарды енгізу арқылы компаниялар үшін жасалады. Осылайша, жанама түрде бұл жерде тапсырыс беруші келісімшарт аяқталғанға дейін қандай да бір пайда тапқанын білдіреді.

Бұл жерде айта кету керек, төлем алу құқығы міндетті түрде келісімшарт талаптарында жазылмауы керек, бірақ тапсырыс берушінің біржақты талабы бойынша келісімшарт аяқталғанға дейін алдын-ала төленген қызметтерден төлемді талап етуге немесе ұстап тұруға заңды мүмкіндік болуы қажет [13].

Егер компания шартқа сәйкес өзара есеп айырысулар келісімшарттың бүкіл мерзімі ішінде жүзеге асырылады деп шешсе, онда бұл жағдайда әр есепті кезең үшін қанша кіріс мойындалатынын бірден анықтау қажет болады. 15-ҚЕХС-на сәйкес жұмыстың аяқталу дәрежесін бағалау қажет, бұл, әрине, келісімшарттың екі тарапында да негізделген мәселелер тудырады. Компания үшін олар келіскен жұмыстардың аяқталу дәрежесін дербес бағалауды ұсынады.

Табыс пен жұмыстың аяқталу дәрежесін танудың таңдалған әдісі, әдетте, барлық ұқсас келісімшарттар үшін қолданылады, бұл компаниялардың ағымдағы есебін дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Құрылыс-монтаж жұмыстарының аяқталу дәрежесі пайызбен компанияның ресми нәтижелеріне, атап айтқанда, келісімшартта бекітілген жұмыстарды жүргізу үшін жұмсалған адам – сағатқа жұмсалған қаржылық және материалдық ресурстарға негізделеді.

Құрылыстағы қаржылық ресурстардың шығындары ретінде компания шығындарының барлық түрлері – тікелей және үстеме шығындар, жанама шығындар түсініледі, мұнда құрылыс-монтаж жұмыстарын орындауға жұмсалған барлық шығындарды ескеру керек. Жүргізілген жұмыстарды дәл бағалау үшін калькуляция дайындау қажет. Демек, құрылыс-монтаж жұмыстарының аяқталуын бағалау үшін қолданыстағы 11-ХҚЕС және 15-ҚЕХС басшылыққа алу қажет деп санаймыз.

Сонымен қатар жасалған келісімшартты орындаудың алғашқы сәтінде құрылыс-монтаж жұмыстарын орындаушы ұйым келісімшарт бойынша алдағы жалпы жұмыстардың көлемінен жұмыстың аяқталуының ағымдағы көрсеткішін дәл анықтай алмауы мүмкін. Көп жағдайда мұндай мәселе ұзақ мерзімді келісімшарттар бойынша жұмыстардың шамамен 10 % орындалған кезде туындайды.

Көпшілік жағдайда, құрылыстағы келісімшарттар бойынша шығындар іс жүзінде жүргізілген шығыстар шамасына қарай есептен шығарылады, әрине, құрылыс компаниясы тапсырыс берушіден

жасалынған келісімшартқа сәйкес барлық қажетті шығындарды өтеулері сенімді болуы тиіс. Мұндай сәтте орындаушы компанияның кірісі келісімшарт бойынша шығындар жұмсалған кезектілікпен мойындалады [14].

Сатып алушылармен жасалынған келісімшарт бойынша кірісті танудың бес сатылы моделі өте оңай және оның барлық кезеңдері бір-бірін қисынды және дәйекті түрде толықтырады және алдыңғы стандарттардың көпшілігін қамтиды

Шарттың сенімділігі мен оның нәтижелеріне жүргізілген бағалауға байланысты мердігер үшін шарт бойынша кірістер мен шығыстарды тану тәртібі де ерекшеленеді.

Құрылыс келісімшартының нәтижесі компания одан экономикалық пайда алу мүмкіндігі болған жағдайда ғана сенімді бағалануы мүмкін деп саналады.

Келісімшартқа сәйкес кірістер мен шығындар тиісінше жұмыстардың аяқталу дәрежесіне сүйене отырып, пайда мен шығындар туралы есепте есепті кезеңнің кірістері мен шығыстары ретінде танылуға жатады.

Құрылыстағы шарт бойынша болашақта алынатын шығындар тез арада шығыстар ретінде танылуы тиіс [15].

Алайда, біздің ойымызша мұндай кезеңдердің әрқайсысы кәсіби пайымдауды, ұйымның аудиторларымен және заңгерлерімен келісуді, әсіресе объектіні бақылауға беру кезеңінде қолдануды талап етеді, бұл, әрине, келісім-шарттар бойынша кірісті тану тәртібінде айтарлықтай өзгерістерге әкелді.

Демек, құрылыс ұйымдары қаржылық есептілікті пайдаланушыларға клиенттермен жасалған шарттардан туындайтын кірістер мен ақша ағындарының сипатын, санын, кезеңділігін және белгісіздігін түсінуге мүмкіндік беретін ақпараттың жеткілікті көлемін ашуға міндетті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Демек, құрылыс ұйымдарының есеп тәжірибесіне жаңа 15-ҚЕХС енумен қатар құрылыс ұйымдары өздерінің кірістерін есепте дұрыс мойындауды қамтамасыз ету үшін:

1. Құрылыс жұмыстары бойынша өндірістік шығындар есебі мен өзіндік құнды калькуляциялау тәсілдерін қайта қарау қажет. Бұл сәтте өзіндік құнға тек қана келісімшартты тікелей орындаумен және нәтижеге қол жеткізу үшін жұмсалған шығындар ғана қосылуы қажет.

2. Құрылыс-монтаж жұмыстарының аяқталуын бағалау және олардың есебін жүргізу моделін қайта қарау қажет. Жаңа стандартқа сәйкес жоспарлы өзіндік құн «алдын-ала кесілген» өзіндік құн бойынша қалыптасатынын және құрылыс жұмыстарының аяқталу пайызын бағалау «жоспарланған» және «нақты кесілген» өзіндік құнның деректері негізінде жүргізілуі қажет.

3. Жоспарланған шығындар көрсеткіштерін мөлшерлеуді енгізе отырып, нормативтен тыс шығыстар мен құрылыстағы іркілістерге байланысты шығыстарды өзіндік құн құрамында емес, басқа шығыстар құрамында есепке алу қажет.

4. Құрылыс ұйымының түсімін кезең ішінде тани отырып, шарттар тізбесін кеңейту қажет. Қазіргі тәжірибеде көптеген ұйымдар орындалған жұмыс актілерін ұсыну кезінде өздерінің кірістер мен шығындарды мойындайды, бұл ұйымдардың балансында аяқталмаған құрылыс пен өндіріс шығындарының жиналуына әкеліп соқтырады. Кірістер есебін ұйымдастыру кезінде қаржылық нәтижелерді жұмыстың толық аяқталған кезінде емес, құрылыс-монтаж жұмыстарының аяқталу пайызы бойынша есепке алуға көшу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аямбекова С. COVID-19 и строительный рынок Казахстана [Электронды ресурс] // Группа SGS [web-сайт]. – 2020. – URL: <https://www.sgs-caspian.com/ru-ru/news/2020/04/covid-19-and-kazakhstan-construction-market> (қарау уақыты: 01.10.2020).

2. Международный стандарт финансовой отчетности (IFRS) 15 «Выручка по договорам с покупателями» [Электронды ресурс] // Информационная система ПАРАГРАФ [web-портал]. – URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=36789884#pos=5;-106 (қарау уақыты: 08.12.2020).

3. Назарова В. Л. Особенности бухгалтерского учета в строительстве [Электронды ресурс] // Информационная система ПАРАГРАФ [web-портал]. – 2011. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31072103&doc_id2=31072103#activate (қарау уақыты: 08.12.2020).
4. Кондраков Н. П. Бухгалтерский (финансовый, управленческий) учет: Учебник. – М.: Проспект, 2015. – 496 с.
5. Учебное пособие ACCA DipIFR [Электронды ресурс] // Академия PwC. – URL: <https://training.pwc.ru/upload/docs> (қарау уақыты: 08.12.2020). – 2020. – 497 С.
6. 11-КЕХС (IAS) «Құрылысқа арналған шарт» [Электронды ресурс] // Информационная система ПАРАГРАФ [web-портал]. – URL: <https://online.zakon.kz> (қарау уақыты: 08.12.2020).
7. Аппақова Г. Н. Қаржылық есеп – 2: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2015. – 190 с.
8. Трофимова Л. Б. Международные стандарты финансовой отчетности: учебник и практикум для бакалавриата, специалитета и магистратуры. – М.: Изд. Юрайт, 2019. – 242 с.
9. Бугаев А. Практическое применение положений МСФО 15 «Выручка по договорам с покупателями» при учете строительных контрактов [Электронды ресурс] // Журнал «МСФО» [web-сайт]. – 2018. – URL: <https://promsfo.by/articles/element/prakticheskoe> (қарау уақыты: 09.12.2020).
10. Дмитриева И. М. Бухгалтерский финансовый учет: Учебник. – М.: Издательство Юрайт, 2018. – 495 с.
11. Сапарбаева С. С. Ілгерілемелі қаржылық есеп: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2017. – 222 б.
12. Тетерлева А. С. Международные стандарты финансовой отчетности: Учебное пособие. – Екатеринбург: Изд. Уральского университета, 2016. – 176 с.
13. IFRS 15 – Пример учета договоров на строительство согласно IFRS 15 [Электронды ресурс]. – 2018. – URL: <https://fin-accounting.ru/articles/2018/ifrs-15-example-of-accounting-construction-contracts-under-ifrs> (қарау уақыты: 10.12.2020).
14. Абдикулова М. Р. Учет в строительстве в соответствии с МСФО [Электронды ресурс] // Вестник КазНПУ. – Алматы. – 2011. – № 1. – 72–76 бб. – URL: http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20190504023750.pdf (қарау уақыты: 10.12.2020).
15. Михайлович Т. Порядок учета доходов, расходов, финансовых результатов в финансовой отчетности по договорам подряда в соответствии с МСФО [Электронды ресурс] // Частное Образовательное Учреждение "Институт Проблем Предпринимательства" [web-сайт]. – URL: <https://www.ippnou.ru/print/007485/> (қарау уақыты: 10.12.2020).

REFERENCES

1. Ayambekova, S. (2020), “COVID-19 i stroitelnyy rynek Kazakhstana”, available at: <https://www.sgs-caspian.com/ru-ru/news/2020/04/covid-19-and-kazakhstan-construction-market> (accessed: October 1, 2020).
2. Mezhdunarodnyy standart finansovoy otchetnosti (IFRS) 15 «Vyruchka po dogovoram s pokupatelyami», available at: <https://online.zakon.kz> (accessed: December 8, 2020).
3. Nazarova, V. L. (2011), Osobennosti bukhgalterskogo ucheta v stroitelstve, available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31072103&doc_id2=31072103#activate (accessed: December 8, 2020).
4. Kondrakov, N. P. (2015), “Bukhgalterskiy (finansovyy, upravlencheskiy) uchet”, Prospekt, Moscow, 496 p.
5. “Uchebnoye posobiye ASSA DipIFR” (2020), available at: <https://training.pwc.ru/upload/docs> (accessed: December 8, 2020).
6. “11-KEKHS (IAS) «Qyrylysqa arnalğan shart», available at: <https://online.zakon.kz> (accessed: December 8, 2020).
7. Appak, ova, G. N. (2015), “Qarzhylyk, yesep – 2”, Ekonomika, Almaty, 190 p.
8. Trofimova, L. B. (2019), “Mezhdunarodnyye standarty finansovoy otchetnosti: uchebnik i praktikum dlya bakalavriata, spetsialiteta i magistratury”, Publishing URAIT, Moscow, 242 p.
9. Bugayev, A. “Prakticheskoye primeneniye polozheniy MSFO 15 «Vyruchka po dogovoram s pokupatelyami» pri uchete stroitelnykh kontraktov”, *IFRS journal*, available at: <https://promsfo.by/articles/element/prakticheskoe> (accessed: December 9, 2020).

10. Dmitriyeva, I. M. (2018), "Bukhgalterskiy finansovyy uchët: Uchebnyk.", Publishing URAIT, Moscow, 495 p, available at: <https://biblioonline.ru/book>. (accessed: December 9, 2020).
11. Saparbayeva, S. S. (2017), "Ilgerilemeli karzhylyk, yesep", Ekonomika, Almaty, 222 p.
12. Teterleva, A. S. (2016), "Mezhdunarodnyye standarty finansovoy otchetnosti: Uchebnoye posobiye", Ural University Publishing, Yekaterinburg, 176 p.
13. "Uchet dogovorov na stroitelstvo soglasno IFRS 15" (2018), available at: <https://fin-accounting.ru/articles/2018/ifrs-15-example-of-accounting-construction-contracts-under-ifrs> (accessed: December 10, 2020).
14. Abdikulova, M. R. (2011), "Uchet v stroitelstve v sootvetstvii s MSFO", KazNPU Bulletin, No. 1, 72-77 pp., available at: <https://articlekz.com/article/10826> (accessed: December 10, 2020).
15. Mikhailovich, T. "Poryadok ucheta dokhodov, raskhodov, finansovykh rezultatov v finansovoy otchetnosti po dogovoram podryada v sootvetstvii s MSFO", available at: <https://www.ippnou.ru/print/007485/> (accessed: December 10, 2020).

MODERN APPROACHES TO ACCOUNTING FOR INCOME IN CONSTRUCTION

N. S. Nurkasheva¹, M. D. Zhumabayeva¹, G. T. Andibaeva¹

¹Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The purpose of the research is to determine the possible impact of the introduction of the new standard IFRS 15 on the accounting of revenue from construction contracts and, as a result, on the reporting indicators of companies.

Methodology – the Research was conducted on the basis of an abstract-logical approach. The methodological basis is a system analysis.

Originality / value – The article discusses changes in the methodological and methodological nature of the recognition of revenue under contract agreements in IFRS. A comparative analysis of IFRS 15 «Revenue from contracts with customers» and current standards on revenue in construction was carried out.

Findings – The article substantiates the importance of applying IFRS 15 in construction organizations; identifies patterns (or their absence) related to the impact of reporting and parameters on a potential user of reporting - an investor; and also determines the potential impact of the new standard IFRS 15 on accounting for long-term construction contracts and, as a result, on the company's reporting performance.

Keywords: IFRS 15, revenue recognition, investments, construction, construction contracts.

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ УЧЕТА ДОХОДОВ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ

Н. С. Нуркашева¹, М. Д. Жумабаева¹, Г.Т. Андыбаева¹

¹Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Целью исследования является определить возможное влияние введения нового стандарта МСФО (IFRS) 15 на учет выручки по договорам на строительство и, как следствие, на показатели отчетности компаний.

Методология – Исследование проводилось на основе абстрактно-логического подхода. Методологической основой является системный анализ.

Оригинальность / ценность – В статье рассмотрены изменения методологического и методического характера при признании в МСФО выручки по договорам подряда. Проводился сравнительный анализ МСФО (IFRS) 15 «Выручка по договорам с покупателями» и действующих стандартов по выручке в строительстве.

Результаты исследования: В статье обоснована важность применения МСФО (IFRS) 15 в строительных организациях; выявлены закономерности, связанные с влиянием отчетности и параметров на потенциального пользователя отчетности – инвестора; а также определено потенциальное влияние нового стандарта МСФО (IFRS) 15 на учет долгосрочных договоров строительного подряда и, как следствие, на отчетные показатели деятельности компании.

Ключевые слова: МСФО 15, признание выручки, инвестиции, строительство, договора на строительство.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Нуркашева Нурсулу Султанияровна – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: nursulu.nurkasheva@narhoz.kz

Жумабаева Мырзабике Дастатовна – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: myrzabike.zhumabayeva@narhoz.kz

Андыбаева Гүлсагат Тоқышевна – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: gulsagat.andybaeva@narhoz.kz

MPHTI 06.73.55

JEL Classification: G21

FORMATION FEATURES OF THE DEVELOPMENT STRATEGY OF FOREIGN COMMERCIAL BANKS

Y. V. Trofimova¹, V. N. Nepshina¹, N. P. Urazova¹

¹Kazakh-American Free University, Ust-Kamenogorsk, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The article examines the strategic management of commercial banks abroad, using the example of large and growing banks of the Russian Federation, including those actively working and advancing in the markets of other EAEU countries. Studying this experience is useful for Kazakh banks, which are building their own development strategies.

Purpose – determination of the main features of the formation of development strategies for foreign banks on the example of Russian Sberbank, VTB, Alfa-Bank, Tinkoff Bank and others.

Methodology – analysis of key indicators of the development of Russian commercial banks and the implementation of strategies by these banks, analysis of changes in key indicators over several years, analysis of news content of the banking market.

The originality / value of the work lies in the generalization of the experience of foreign (Russian) banks in the formation and implementation of the strategy, which can be valuable and useful for Kazakhstani banks.